*Ф-ОБ-001/065*

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**
**ТЕОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ**
**ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**
**№ 2 ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы** **30.11.2023**

**Қатысқандар:** АК төрағасы - PhD Ж.Нурматов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Төлегенов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Д.Шауенов; академиялық персонал – А.Бейсенов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Ф.Камалова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Исаев; АК мүшесі, академиялық персонал – филос.ғ.к. Г.Шадинова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Е.Жиенбаев; АК мүшесі, академиялық персонал – Л.Алиева; АК мүшесі, академиялық персонал – Ы.Нурмагомбетова; АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент Г.Примкулова; АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., А.Сандыбаева; жұмыс беруші өкілі – М.Халықов; жұмыс беруші өкілі – М.Тастанбеков; жұмыс беруші өкілі – К.Жетібаев; жұмыс беруші өкілі – Т.Мендібаева; жұмыс беруші өкілі – Р.Ашимов; білімгерлер өкілі – Б.Мауленкул; білімгерлер өкілі – П.Үлмекен; білімгерлер өкілі – Қ.Баймагамбетов; білімгерлер өкілі – М.Қамбар; білімгерлер өкілі – А.Алибек; білімгерлер өкілі – Ұ.Төлеутаева; білімгерлер өкілі – А.Шахман; білімгерлер өкілі – А.Кусан; білімгерлер өкілі – А.Маукенбай; білімгерлер өкілі – Н.Егінберлі.

**Күн тәртібі:**

1. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар ұйымдастыру
2. ББ бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру, мазмұнын талдау
3. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

**1. ББ жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру**

**АК төрағасы Ж.Нурматов:** 2023-2024 оқу жылына қабылданған білімгерлер жаңа білім бағдарламасымен білім алып жатқаны баршамызға мәлім. ББ-ның мазмұны, пәндердің өзектілігі тақырыптарына байланысты семинар-тренингтер ұйымдастыруымыз қажет.

**Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Ф.Камалова алды:** Білім беру бағдарламасын әзірлеу кезінде ең алдымен жұмыс берушілердің ұсыныстарын тыңдауымыз қажет. Біздің білім алушылар теориялық білімдерін алғаннан кейін өндіріс орындарында практикадан өтеді. Осы практика барысында біздің студенттердің қандай құзыреттіліктерін дамыту қажет. Міне осы мәселелер қазіргі таңда өте өзекті болып отыр. Осыған байланысты желтоқсан айында жұмыс беруші «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» директор орынбасары М.Халиков пен «Әзіреті Сұлтан тарихи-мәдени қорық музейі» директор орынбасары М.Тастанбековпен кездесу ұйымдастырсақ және білім беру бағдарламасына қоғам нарығының сұранысына қарай түлектер атрибуттарын қайтадан қарастырсақ.

**2. ББ бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру, мазмұнын талдау**

**АК төрағасы Ж.Нурматов:** Әр ББ бойынша практика бағдарламалары бойынша аудит ұйымдастырып, мазмұнын талдауымыз қажет. ҚРҒжЖБМ 2023 жылғы №125 бұйрығы бойынша практиканы ұйымдастыру және өткізу туралы нұсқаулар берілген және әр практиканың өзіндік ерекшеліктері көрсетіліп мәні мен мазмұны қамтылған.

**АК мүшесі Ф.Камалова:** Практика бағдарламасына аудит ұйымдастыру, нұсқаулыкка сай мазмұнын жаңарту өте маңызды. Осы жұмыстар жүйелі түрде орындалса, білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге мүмкіндік беретін маңызды сала.

**АК мүшесі Г.Примкулова:** Әрбір практика бойынша практиканың мазмұны анықталды. Практиканы ұйымдастыру мен өткізу тәртібі, пратика мазмұнын анықтайтын жалпы принциптері, практиканттың өткізетін құжаттамасы талданып, практика бағдарламасы қайтадан жаңартылды.

**АК төрағасы Ж.Нурматов:** Қараша айында ББ бойынша практика бағдарламасының мазмұны жаңартылды. ББ жобалау тақырыбына байланысты семинар, тренинг ұйымдастыру мәселесі талкыланып желтоқсан айына жоспарланды.

**ШЕШІМ:**
1. ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылсын.
2. ББ бойынша практика бағдарламасының мазмұны жаңартылсын. Жауапты АК мүшелері мен практика жетекшілері.
3. Қараша айында атқарылған іс шаралар канағаттанарлық деп табылсын.

**Мәжіліс төрағасы:** **Ж.Нурматов**

**Хатшысы:** **М.Төлеген**